

ТҰҢҒЫШ ҰЛ

Елдігінде жүйткіп ардың жылқысы,
Сенгірінде самғап ойдың жыл құсы,
Бодан күні балтырында із қалып,
Боран күні бордай болған тұрмысы,
Қазақстан әуелгі бақ Алашқа,
Тәуелсіздік қазағымның – тұңғышы.

Ақеділім, абыздардай арлы үнің,
Ана сүті атасы еді-ау дәмдінің,
Тәуелсіздік туылғанда түркі елі,
Қазақ болып атқа қондың әрбірін,
Шоңғал тастай бітіммен, азаттық,
Орда бұзғың келіп тұр ма, дәл бүгін.

Зер заманың запырандай зарлы жыл,
Тарихыңды түспен жазды-ау қанқызыл,
Бозторғайы «бостандық» деп шырылдар,
Боз қыраты боздақтардай жанды жыр,
Сабырымның сыбырындай естілген,
«Қазақстан қазақ үшін жалғыз ұл».

Азаттықты алып жаудың өтінен,
Ел шылбырын қолдан бермей өтіп ең,
Бостандықты ұстап тұру ауыр жүк,
Жібермеу де маңызды екен бетімен,
Жалғыз ұлға еркіндік бер, ұлы елім,
Жалғыз ұлды еркінсітпе, өтінем!



Айбек
ҚУНДАҚБАЕВ,
Ы.Алтынсарин
атындағы
Арқалық
педагогикалық
институтының
Қазақ тілі мен
әдебиеті
мамандығының
3 курс студенті